

2003-2005 жылдардың жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 сәуірдегі N 70-ө өкімі

Жазғы каникул кезінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру, олардың шығармашылық дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының, қылмыс жасауының және қадағалаусыз қалуының алдын алу мақсатында:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) мектептен тыс ұйымдарда қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға жергілікті деңгейде көзделген қаражат, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық көмектер тарту есебінен жазғы каникул кезінде балалар мен жасөспірімдер демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырсын және өткізсін;

2) жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдер демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссиялардың құрсын;

3) барлық лагерь мен демалыс аймағын есепке алуды жүргізсін, оларды заңнамаға сәйкес лицензиялауды, бос және иесіз лагерьлердің болуына жол бермей, оларды толық пайдалануды қамтамасыз етсін;

4) облыстардың, қалалардың және аудандардың ерекшеліктерін, экономикалық жағдайларын, ата-аналар мен балалардың ұйымдасқан демалысқа сұраныстарын ескере отырып, 2003-2005 жылдарға арналған балалар мен жасөспірімдер демалысы, сауықтырылуы және жұмыспен қамтылуы бағдарламаларын әзірлесін және бекітсін;

5) бірінші кезектегі тәртіппен жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың, атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылар, көп балалы, толық емес, аз қамтылған отбасылар балаларының, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

6) жалпы білім беретін мектептердің, мектептен тыс ұйымдардың жанындағы тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы лагерьлерді, еңбек және демалыс лагерьлерін, мектеп орманшылығын, көркейту және көгалдандыру жөніндегі жасақтарды ұйымдастырсын;

7) барлық үлгідегі лагерьлер желісін көбейту, олардың қызметін жақсарту, педагог және басқа да мамандармен қамтамасыз ету, оларда балалардың болуы үшін қажетті

материалдық-техникалық және тұрмыстық жағдай жасау жөнінде тұрақты түрде
ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н ;

8) еңбек заңнамасына сәйкес каникул кезінде жасөспірімдерді жұмыспен қамтуды,
олар үшін жеңіл еңбектің уақытша жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз
е т с і н ;

9) балалардың өмірі мен денсаулығын, олардың судағы қауіпсіздігін, сондай-ақ
балалардың сауықтыру ұйымдарында өртке қарсы қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз
етсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жастар ұйымдары мен
мәдениет ұйымдарының жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің жазғы
демалысын өткізуге, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруға
қ а т ы с у ы н а ж ә р д е м д е с с і н . < * >

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.02.13.
N 37** өкімімен .

2-1. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат
құралдарында балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысына, сауықтырылуына
және жұмыспен қамтылуына дайындық пен оларды өткізу барысының жариялануын
қ а м т а м а с ы з е т с і н . < * >

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.13. N 37 өкімімен .

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) балаларды тасымалдау қауіпсіздігін және балаларды сауықтыру ұйымдарында
қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін;

2) жазғы каникул кезінде жолдар мен көшелерде балалардың жарақат алуын
азайтатын алдын алу шараларын қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

1) жазғы сауықтыру ұйымдарының санитарлық-гигиеналық жай-күйін тұрақты
бақылауды жүзеге асырсын, олар орналасқан жерлердегі
санитарлық-эпидемиологиялық қолайлылықты қадағалаудың тиісті деңгейін
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) балалар мен жасөспірімдерге медициналық қызмет көрсетудің, оларды
тамақтандыру мен сауықтырудың ұйымдастырылуын бақылауды қамтамасыз етсін;

3) санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сай емес үй-жайларда
балалардың сауықтыру лагерьлерін ашуға жол бермесін.

5. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі:

1) жазғы кезеңде балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеуге спорт
ұйымдарының қатысуын қамтамасыз етсін;

2) балалар мен жасөспірімдер үшін спорттық-бұқаралық, сауықтыру іс-шараларын
өткізуді ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі жазғы мектеп каникулы басталғанға дейін балалар демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру орындарының өртке қарсы жай-күйін тексеруді жүргізсін, олардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар әзірлесін .

7. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК